

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ТАБУ СӨЗДЕРДІҢ ГЕНДЕРЛІК-КОНЦЕПТУАЛДЫҚ СИПАТЫ

У. АҚБЕРДІҚЫЗЫ
С.А ЖИРЕНОВ***

Түйіндеме: Гендерлік лингвистикада қазақ тіліндегі әйел адамдарға айтуға тыйым салынған сөздерді және олардың түп төркінін зерттеу маңызды. Гендер ғылымы жыныс бойынша әйелдер мен еркектердің арасындағы ерекшеліктерді зерттейді. Бұл ғылымның дамуы әрбір елде еркек пен әйелдерге қатысты көзқарастар мен талаптардың өзгерісіне алып келді. Бұл өзгерістер қазақ қоғамында да көрініс тауып жатыр. Себебі бүгінде қазақ қоғамында да әйел бейнесі, әйел тілі бұрынғы кезеңмен салыстырғанда өзгерді деген пікірлер пайда болды. Мақаланың мақсаты – ерте заманнан осы уақытқа дейін жеткен, алайда біртіндеп жойылып бара жатқан тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптың түрлі сырын жалқы есім арқылы ашу, қосалқы (жанама) ат қоюға байланысты мәселелердің гендерлік сипатын қарастыру. Тілді зерттеудің этнолингвистика бағыты тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ әлемді түрлі этностық топтар арқылы тануды зерттейтін сала екендігі мәлім. Ұсынылып отырған мақалада қазақ салт-дәстүріндегі ат тергеу, табу және тыйым сөздерге гендерлік-концептуалдық талдау жасалады. Мақалада көтерілген мәселелерді талдауда шетелдік және Қазақстандық лингвист ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасалынады. Табу сөздерді лингвистикалық тұрғыдан талдауда диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттау, этнолингвистикалық, когнитивтік, семантикалық әдістер пайдаланылады. Мақаланың теориялық маңыздылығы гендерлік лингвистика бағытында жазылатын зерттеу жұмыстарына материал ретінде пайдалануға болады.

Тірек Сөздер: *Гендерология, Қосалқы Аталым, Табу, Ат Тергеу, Әйел Тілі.*

Gender-Conceptual Character Of Taboo Words In The Language Use Of Kazakh Women

Abstract: In gender linguistics, it is important to study words forbidden to women in the Kazakh language and their origins. Gender studies the study of differences between men and women. The development of this science has led to a change in attitudes and requirements regarding men and women in every country. These changes are reflected in the Kazakh society. Because today in the Kazakh society there are opinions that the image of a woman and the language of a woman have changed compared to the previous period. The purpose of the article is to reveal various secrets of customs and traditions that have reached the present from ancient times, but are gradually disappearing, through personal names, to consider the problems related to secondary (indirect) naming. It is known that ethnolinguistics is a branch of language research that studies the relationship between language and culture, as well as knowledge of the world through different ethnic groups. In the presented article, a gender-conceptual analysis of the name investigation, finding and taboo words in the Kazakh tradition is made. In the analysis of the issues raised in the article, an overview of the researches of foreign and Kazakh linguists is made. Diachronic-synchronic description, ethnolinguistic, cognitive, semantic methods are used in linguistic analysis of taboo words. The theoretical importance of the article can be used as material for research works written in the direction of gender linguistics.

Key Words: *Genderology, Sub-Nominal, Taboo, Name Investigation, Female Language.*

Кіріспе

Этнолингвистикадағы гендерлік тіл бірліктері ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ұлттық салт-дәстүр, наным-сенімдерімен бірге қарастыруды талап етеді. Гендерлік ғылым – ер және әйел адамдардың мәдени-әлеуметтік, тілдік ерекшелігін зерттейді. Мәдениет пен қоғамның дамуы нәтижесінде пайда болған «әйелдік» және «еркектік» символдың мәнін айқындайды. Гендерлік айырмашылықты айқындайтын тәжірибелер нақты деректерге, шығармашылық ізденістерге сүйене отырып жасалады.

Гендерология – *гендер* – жыныстар арасындағы мәдени-символикалық ерекшеліктер, *логос* – білім, ғылым деген мағынаны білдіріп, гендерлік зерттеулердің бірі болып табылады. Ал гендерология саласының ең басты салаларының бірі – *гендерлік лингвистика* немесе *лингвистикалық гендерология*.

Соңғы уақытта қазақ тіл біліміндегі мәселелерді гендерлік лингвистика аясында қарастырып жүрген еңбектер күн санап артауда. Отандық зерттеушілерден Б.Хасанұлы, Г.Мамаева, Г.Шоқымның еңбектерін алға тартсақ, шетелдік ғалымдар қатарына

*** Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.В.Кирилина, Е.И.Горошко, Д.Таннен, Б. Барон, Д.Зиммерман сынды зерттеуші ғалымдарды жатқызуға болады. Жалпы табу және тыйым сөздерге байланысты Э. Тейлор, Дж.Фрезер, З. Фрейд, Р. Смит, Ф. Стайнер, Л.Я. Штернберг, Д.Е. Хайтун, Л. Расони т.б шетелдік ғалымдардың еңбектерінен мол ақпарат табуға болады.

Гендерлік лингвистика тілдік қолданыстағы жынысаралық ерекшеліктер әрбір ұлт пен этностың мәдениеті, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Кез келген қоғамда әйел мәселесі өзекті тақырыптардың бірі. Әйел мәселесі, әйел тілі қазақ тіл білімінде біраз зерттелген. Біз ғылыми зерттеу мақаламызда қазақ халқының салт-дәстүрінде, тұрмыстық лексикасында кездесетін әйел адамдардың тілдік қолданысындағы табу (тыйым) сөздерді қарастырдық.

Мақаланың мақсаты – ерте заманнан осы уақытқа дейін жеткен, алайда біртіндеп жойылып бара жатқан тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптың түрлі сырын жалқы есім арқылы ашу, қосалқы (жанама) ат қоюға байланысты мәселелерді қарастыру. Аталған мақсатқа жету үшін лингвист, этнограф ғалымдардың тұжырымдарына, көркем шығармаларда кездесетін мысалдарды негізге ала отырып, жана түскен келіннің күйеуіне, қайын жұртына ат қою ерекшеліктері талданатын болады.

Материалдық және рухани құндылықтар аясында кез келген ұлттың тұрмыстық лексикасы өте маңызды орын алады, себебі ол жерден ең қажетті және едәуір маңызды сөздік құрамды табуға болады. Тұрмыстық лексика кез келген тілде диахрониядан бастап синхронияға дейін нақты бір тұрмыстық заттардың атауы мен олардың қызметтері туралы әр түрлі аспектіде қарастырылуы мүмкін. Тұрмыстық лексикаға күнделікті өмірде қолданатын сөздер немесе өмір сүру салтына және шаруашылыққа қатысты атауларда жатады. Осы тұрғыдан зерттеушілер халықтың тұрмыстық заттары мен күнделікті өміріне байланысты сөздер қазіргі таңда үнемі қолданып жүрген сөздерден едәуір ерекшеленетінін, яғни байырғы тілге жақын екенін айтып жүр.

Тілдік лексиканы зерттеудің негізгі жүйелік қағидаларының бірі тематикалық классификация болып табылады. Гендерлік лингвистика мәдениетаралық ерекшеліктерді тілмен байланыстыра зерттейтін әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланыста болып, антропоцентрлік парадигма шеңберінде қарастырылады (Тұрдалиева, 2009: 9).

Қазақта жаңа түскен келінге қайынжұртын есімімен атауға тыйым салған, яғни мұндай сөздерді *табу сөздер* деп атайды. Кей кездерде осы ат тергеу салтымен байланысты қойылған есімдер ресми есімдерге айналып отырған.

Түркі тектес тілдердің бәрін бір-бірімен қанша туыстас десекте, олар бір-бірінің көшірмесі емес екендігін есте сақтаған жөн сондықтан әртір тілдің өзіне тән сөздері, сөз қолдану әдістері болатыны дау тудырмайды. Соның бір дәлелі ретінде қазақ тіліндегі табу, эвфемизм, дисфемизмдерді атауға болады. Табу сөздері, біздің ойымызша тек қазақ тілінде ғана қолданылады. Себебі, басқа халықтарда мұндай салттың жоқтығынан деп есептеуге болады. Басқа халықтарда келін боп түскен қыздың күйеуінің туған-туыс жақындарының атын атамау салты тек қазақта ғана кездеседі.

Адамзаттың рухани дамуының әртүрлі сатыларында қалыптасқан наным-сенімдер мен діндерден, бүкіл әлем халықтарының әдет-ғұрыптарынан, салт-саналарынан және тілдерінен орын алған сан алуан тыйымдар мен табу сөздер этнолингвистикалық құбылыс ретінде әлемнің назарын аудартуда.

Табу сөзі ағылшын және Полинезияның тонга тілінен алынған және қазақ тілінде тыйым сөз деген мағынаны білдіреді. Тыйым – әр халықтың салт-дәстүрімен қалыптасқан және халық санасынан көрініс тапқан мәдени ұғымдардың бірі. Табу – этнолингвистикалық құбылыс, барлық тілдерде де кездеседі және этнографияда тыйым ұғымын белгілеу үшін қабылданған термин (Кортабаева, 2024).

Табу мен эвфемизмдер – кез келген халықтың тілінен орын алған кең этнографиялық лексика. Сондықтан да оларды этнография мен лингвистиканың шектес аймағын зерттейтін этнолингвистика ғылымының объектісіне жатқызған жөн (Ахметов, 2015: 140).

Табу сөздерді лингвистикалық тұрғыдан талдауда диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттау, этнолингвистикалық, когнитивтік, семантикалық әдістер пайдаланылады. Зерттеу барысында табу сөздерге этимологиялық түсіктемелер, этнолингвистикалық талдаулар жасалды. Өзге мәдениеттегі тыйым салынған сөздерге шолу жасалып ұқсас тұстарына салыстыру және салғастыру тәсілдері пайдаланылды.

Ә.Ахметовтың «Түбі түркі өркениет» деген еңбегінде қазақ әйелдерінің, анығырақ айтқанда қазақ келіндерінің ат тергеу салтын қандай дәрежеде бұлжытпай сақтайтынына назар аудара отырып «келін» концептісіне мынадай анықтама береді: «*Келін* – жаңа отау құрған жас әйел. Келіндер қазақы қалыпты, ұлттық салтты сақтап, үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейді, шашын, алқымын көрсетпей, жаулық тартады. Жалаң балтыр, жалаң аяқ жүрмейді. Омырауын жартылай жалаңаштап ашық-шашық жүрмеуі қатаң талап етіледі. Бұл – мәдениет пен кішіліктің, тәртіп пен адамгершіліктің белгісі» - дейді.

Ә.Ахметов ат тергеудің себептерін былай түсіндіреді: «Тарихи этнографиялық материалдардың ішінде кездесетін кейбір деректерге қарағанда, магиялық нанымның салдарынан адам мен оның есімінің арасында материалдық байланыс бар деп топшылау түркі тілдес халықтарда, оның ішінде қазақ арасында да кездесетіні байқалады».

Қазақтың «*келін*» деген сөзінің мағынасы «*кел, інге кір*» немесе «*Кел! Кел де шаңырағыма ие бол, үйімді, тұрмысымды биле!*» деген мағынаны білдіреді. Қыз бала – қонақ, ал келін қонақ емес, ол отбасына енген сол шаңырақтың құты, берекесі.

Адам танымындағы абстрактілі ой мен оның категориялануы ой түйінін анықтайды. Тіл – ғалам бейнесін объективтендіретін форма. Демек, «ғаламның тілдік бейнесі» дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымы да көрініс тауып отырады (Досова, 2018: 83).

Қазақ халқында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сан түрлі салт-дәстүрлері көп. Салт-дәстүрге қатысты гендерлік ассоциация қалыптасады. Лингвистикалық гендерология теориясының лингвомәдени аспектісі ретінде ұлттың болмысын зерделейтін тілдік таңбаға жатқызып, гендерлік-концептуалдық талдау жасауға болады.

Соның бірі қазақ келіндерінің ат тергеу, жанама ат қою секілді әдептілікті инабаттылықты танытатын дәстүрге гендерлік-концептуалдық талдау жасалады. Келін – шаңыраққа жаңадан түскен, жаңа отау құрған жас әйел. Қазақ келіні қазақы салтты сақтап, үлкендерге ізет көрсеткен. Келінге қатысты «келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап», «қызым саған айтамын, келінім сен тыңда», дейтін халық даналығы бар.

Кесте 1. Келіннің ат тергеуі.

Қайын ағаларына	Қайын інілеріне	Қайын сіңлілеріне
Мырза аға, Үлкен жәкем, Тапбасар қайынаға, Елгілдек аға, Арбекені – төрт-аяқ, Сегізбайды екі төрт деп атаған	Ерке бала, Кенже бала, Ер жігіт, Ақ жігіт, Мырза жігіт, Шабандоз жігіт, Дәу жігіт, Маунас бала, Шырақ, қоңыр қозым және т.б.	Еркежан, Көзжақсым, Сәнім, Шырайлым, Сымбаттым, Көркем, Еркемай және т.б.

Сонымен қатар қазақ келіні қайын ата, енесінің көзі тірі кезінде өзі тапқан тұңғыш баласының да есімін атамай, *бөпе-жан, кенже бала, атасының баласы, апасының баласы* секілді эвфемизмдерді қолданған.

Кейде тыйым салынған сөздерді алмастырудың ретін таба алмай қалса, бастапқы бірінші әріпін алмастырып – *Әлиді* – Қали, *Ахметті* – Сахмет, *Берікті* – Серік, *Бауыржанды* – Тәуіржан және т.б. эвфемистік есімдер жасаудың бір тәсілін пайдаланған.

Қазақтардағы ат тергеу салтының ең озық үлгісі ретінде келтірілетін мына мысал: «Ата! Сылдыраманың арғы жағында, сарқыраманың бері жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, Жаныманы білемеге білеп алып, келе қойыңыз» деген тапқыр да ақылды келіннің табуға тапқан эвфемизмдері зерттеуші, Ә.Ахметовтың айтуына қарағанда, Британия энциклопедиясында көрсетілген екен. Мұндағы сылдырама – Қамысбай, сарқырама – Өзенбай, маңырама – Қойшыбай, жаныма – Пышақбай, білемеге – Қайрақбай есімдеріне табылған эвфемизмдер.

Т. Жанұзақовтың еңбегінде: Бұқарбайды – Сүзербай, Сарыбасты – Шикіл шеке, Көжекбайды – Қоянбай, Еламанды – Халық есен деп өзгертіп айтуы да ат тергеу салтының тамаша мысалы. Кейде есімдерді антонимдік сипаттағы алмастырып жатады, мысалы, Жаманбайды – Жаксыбай, Қаржаубайды – Жаңбырбай және т.б.

Ат тергеу салтына қатысты есімдер көркем әдебиеттерде жиі пайдаланылған. Мәселен М.Әуезовтың Абай жолы роман эпопеясынан бірнеше мысалдар келтірейік:

- *Өй, шырақ-ау, о не дегенің?.. Біздің үйімізде өзіміз ішерлік азықтың өзі жоқ?*

Қайын сіңлісінің қатты өзгерісін елден бұрын сезген жеңгесі. Ол сырт көзден өз сырларын жасырам деп, Тоғжанды құшақтап алды да, қонаққа әзірлейтін ас жайын сөйлеген болды. Тақап келген келіншектерге ас жайын ақылдасып тұрмыз деп, тоқтата жауап беріп, өзі Тоғжанның құлағына сыбырлап:

- *Еркем, ән сал!.. Әйтпесе, мына жұрттың сөзі мен көзі саған қадалғалы тұр!* (Абай жолы, I том)

Ділдә да жолдас қыздарынан арылған. Жаңағы екі жеңгемен бірге қалған еді. Оны бір жеңгесі ертіп, бөлек шығып кетті де, екінші жеңге үлкен төсекті бұзып, шымылдықты түсіріп, орын сайлай бастады. Ділдәні ертіп шыққан ең жақын жеңгесінің бірі болатын. Ол қалындықты құшақтап ап:

- *Ал, еркем, күйеу қалай екен? Ұнаттың ба? - деп сұрады.*

- *Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіңсің-ау! - деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттың қатыны Тобжан да сүйді. Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр.*

М.Әуезовтың Абай жолындағы Тоғжан мен Ділданың, Г.Мүсіреповтың Оянған өлкесіндегі Назыкеш, С.Мұқановтың Ботакөзіндегі Ботакөз т.б. жеңгелеріне сырын жасырмайды, олардың ақыл-кеңесін тыңдап, бір-біріне тілекші болады.

Қазақ халқында жеңге мен қайынсіңлісінің ара-қатынасы өте жақын болған, бір-бірен құпияларымен бөлісетін сырлас, мұңдас жандар. «Қыз құпиясын жеңге білер», «Қызы бар үйдің жеңгесі жағымды» деген тұрақты сөз тіркестерінің шығуы бекер емес. Жеңгелер қайын сіңлілерінің жақсы жерге барғанына мүдделі болған. Сол себепті ыңғайы келген сәтте қайын сіңлісіне дұрыс жолдас бола алатын жігіт қарастыра жүрген.

Жеңге екі ғашық жастың арасын жалғастырушы алтын көпір деуге де болады. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген мақалдың бүгінге дейін өз маңызын жоймауы осының дәлелі.

Сонымен қатар, Қаржаубай Омарұлының «Әке» повесінде: Жеңешем Ханбүркітке – Шырақ деп, маған – Төрежан, Жасқанатқа – Тентек деп ат қойып алғанды деп беріледі. Мұндағы Шырақ, Төрежан, Тентек әдеп-ғұрыпқа байланысты

жеңгелердің қайныларына ат қоюына мысал болып табылады. Сонымен қатар Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде: Жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты дейтін ат тергеу салтына қатысы бар мысалдарды байқадық.

Бұл қазақтың ескі әдет-ғұрыптарына сәйкес жолына, жасы үлкен-кішілігіне қарай жеңгелерінің ат қоя отырып, сыйлауы, құрмет көрсетуі, яғни ат қоюы болып табылады. Ат қою дәстүрі жөнінде Н. Ильминский: «Күйеуінің туыстарының есімін келін еш уақытта атамайды. Оның – аға-інілеріне, апа-қарындастарына арнайы ат қояды» дейді. Келін тарапынан ат қою күйеу туыстарының жасына, жынысына, туыстық қатынасының алыс-жақындығына байланысты. Бұл арада келіннің тапқырлығы, байқағыштығы да оған үлкен көмек береді. Өйткені әркімнің әр түрлі сырттай, іштей ерекшеліктеріне, мінез-құлықтарына қарай ұнамды аттар қоя білу кез келген кісінің қолынан да келе бермейді, – дейді.

Кесте 2. Ақиқат дүниені ұғыну

Санадағы ақпараттар репрезентациясы	Бейнелі репрезентация	Лексикалық репрезентация (Нысанның тілдік Бейнесі (метафора, фразеологизм т.б.))
Ер-азамат		
Ибраһим (Абай)	Екі анасының (туған анасы мен кіші шешесінің) арасында тең өскен соң жеңгелері Тегара деп еркелеткен	Телғара
Қыз-бала		
Тоғжан	Майысқақ, нәзік, әдемі, үйдің кенжесі	Еркем
Ділде	Қылықты, көрікті, жас	Еркем

Туған-туыстың жақындық дәрежесі, келіннің тапқырлығын, тәрбиесін танытатын ат тергеу гендерлік лингвистика теориясының лингвомәдени қырларын танытады. Ерлерге, әйелдерге, қайын аға, іні, сіңлілерді құрметтеуге байланысты қолданылатын лексикалық бірліктер гендерлік концептінің концептуалдық өрісін құрайды.

Г. Гиздатов тұжырымында да когнитивтік бағыттың басты мәселесі – санадағы білімді жүйелеу. Ғалым зерттеулерінде: «Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі – санада әмбебап модель қалыптастыру», - деп беріледі. Санадағы ұғымның әмбебаптық көрінісі тіл арқылы танылады.

Жаңа түскен келін аталарының аттарын дәл атамай соңған өз танымдарындағы жаңа ат тауып айтатын болған. Бұл туралы Т.Жанұзақов: «Сүттібай – Желінуыз, Бұқабай – Сүзербай, Сарыбас – Шикіл шеке, Сары – Шикіл, Бейсембі – Жұмааттас, Көжекбай – Қояната, Үзікбай – Дөдеге, Жамантай – Жайсыз тай, Ақбай – Қыланата, Түңлікбай – Қайырма, Қойлыбай – Жандық ата, Қамшыбек – Атжүргіш, Бүйенбай – Жуанішек, Асаубай – Тарпаң, Асыл – Бекзат ата, Ақылбай – Ой ата, Мергенбай – Атқыш» - деп ерекше аттар қойылғанын жазған (Жанұзақов, 2004: 66). Ал қызға – шырайлым, еркежан, бикеш, қара көз десе ер жігітке – мырза жігіт, шырақ, кекілдім, тетелес секілді табу мәнді этнографиялық лексемалардың ішкі мәнінен жер бетіндегі түркі тектес халықтардан басқа ешбір ұлт мәдениетінде кездеспейтін, аса маңызды тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрдің бірі.

Ат тергеу тәрізді салтқа әуелде ат жасыру тәрізді табу негіз болуы ықтимал. Табудың бұл түрі ерте кездегі мифологиялық санаға байланысты қалыптасқан. Мұндай таным-түсінік бойынша дүлей күш иелері (жын, пері, дию т.б.) адамның шын атын білмеуге тиіс. Егер олар кісінің шын атын білетін болса, оны тура жолдан тайдырады деп түсінген. Қазіргі кезде өзінде ел ішінде әйел адам кетіп бара жатқан ер адамның атын дауыстап шақырмайды (жолы болмай қалады деген ырым). Ат тергеу салты әуелде

осындай мифологиялық түсінікке байланысты пайда болған, кейінірек ондай мазмұннан арылып, этикеттік мәнге көшкен.

Ат тергеу салты, бір жағынан, от басындағы ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты реттеп отырса, екінші жағынан мұндай салт адресаттың сезім күйін де көтеретіндей қызметте жұмсалған. Әдетте адамның азан шақырылып қойған есімі бейтарап реңкте болады. Онда ешбір бояу әсірелеу деген болмайды. Ал жеңге қайын сіңілі, қайын інілеріне көбіне мазмұны ұнамды, жағымды ат қояды. Адамның азан шақырып қойған атымен салыстырғанда Көзжақсым, Кенжетай, Шырайлым, Шырақ, Сал жігіт, Мырза жігіт, Молда жігіт, Ортағшым, Қалқажан т.б. атауларда еркелету тәрізді сыйластық мазмұн болады.

Көркем әдебиеттен алынған мына бір мысал ел ішінде кездесетін осындай дәстүрлі әдет-ғұрыптың жарқын бір мысалы бола алады. Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел, асығыс болса да, аз кідіріп қарап қалған Байшегірге алыстан айғайлап:

- *Үлкен кісі, жүзден жиырмасы кем ауылының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз жөн сілтеп жіберіңізші? – дейді.*

- *Әйелдің сұрап тұрғаны Сексен ауылының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегір:*

- *- Шырағым, ондай оспағыңа шорқақ едім. Пайғамбардың ауылы болса да атын аташы! – деді.*

- *Әйел біреу естіп қалмас па екен дегендей, айнала бір қарап алды да:*

- *- Тәңірі деген жүзге жиырмасы жетпесе, сексен болмайтын ба еді! Сексен ауылының жігіттерін сұраймын, - деді енді турасына тартып. (Ғ.Мүсірепов. Оянған өлке).*

Ізет мағынасындағы сөздер секілді еркелетуді білдіретін сөздерге де тіліміз аса бай. Ізеттілік – адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелілігін, қарапайымдылығын білдіретін этикалық ұғым. Жұр өнегелі іспен көрінген адамды «ізетті жан» деп құрмет тұтады. Ізет атауы – сөз этикетінің ажырамас бір бөлігі. Ізет атауының күнделікті өмірде, адамдардың қарым-қатынасында атқаратын қызметі аса зор. Мәселен, ағылшында сыпайылық сақтап, *мисс, миссис, мастер, мистер* десе француздар *мадам, мадамуазель, синьор, синьора* дейді. Ал, Африканың кафр деп аталатын халқының мәдениетінде әйел күйеуінің немесе қайынжұртының есімдерін дауыстап айтпақ түгілі, іштей ойлауға да тыйым салынған. Африкалық зулус тайпасының әйелдеріне де күйеулерінің есімдерін атауға тыйым салынған. Күйеуіне қарап сөйлегенде немесе шақырғанда балаларының есіміне «әкесі» деген тіркесті жалғап қолданатын болған. Мұндай үрдіс қазақ халқында да кездеседі, балаларының есіміне «әкесі», «атасы» деген тіркестерді жалғап немесе жәй ғана әкесі, отағасы деген тіл бірліктерімен алмастырып атап отырған.

Арқасүйер ерлеріне «отағасы», «қожайын» деп құрмет білдірген. Тіпті баласына пайғамбар есімі қойылса да, өз атымен атамай, осы дәстүрді ұстанған. Өйткені, пайғамбар есімі берілген баланы өз атымен атаса, оған ауырлық болады деп түсінген және пайғамбардың атын тікелей атамауға тырысып, кейде тілдері келмей қысқартып та айтқан. Жоғарыда аталған тыйымдар тілге әсер етіп «әйел тілі лексикасы» пайда болған.

Қазірге таңда ат тергеудің бұл түрін ер-азаматтар жиі пайдаланады, яғни үлкендерді сыйлау ниетімен олардың есіміне *-әке, -еке, жұрнақтарын қосып айтады. Мысалы, Ереке, Беке, Сәке, Нұреке, Мәке және т.б.*

Жасы үлкен адамның балаға да, ересектерге де бірдей қарата айтатын еркелету атауы туыстық атаумен қоса есімдерге де *жан* қосымшасын жалғау арқылы айтылады: *Сапаржан, Серікжан, Берікжан, Ұлпанжан, әпкежан, апажан.*

Адамдардың гендерлік айырмашылығы мен олардың қоғамдағы алар орнына байланысты қалыптасқан әртүрлі әлеуметтік, салттық тыйымдардан тіл айырмашылығы анықталған.

Адамның жасына байланысты атаулар да гендерлік сипатта қолданылады. Әсіресе, «еркек» концептісінің жүйесі қазақ халқының мәдениетінде үлкен көрініс тапқан. 16-19 – бозбала, 20-30 – жас жігіт, 30-40 – дүр жігіт, 40-50 – ер түлегі, 50-60 – жігіт ағасы, 60-70 – қарасақал, 70-80 – ақсақал, 80 жастан жоғары шал, қарт, қария (Құралұлы, 1998: 103).

Құндылықтар жүйесін, тыйым мен тәртіп нормаларын қалыптастырғандықтан, сөз өнерін қастер тұтқан халқымыз ізет атауын орнымен қолдануға айрықша ден қойған. «Үлкенмен иіліп қана сөйлес, кішімен қана сөйлес. Иіліп сөйлескеннен белің бүгілмейді, сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді» деген аталы сөз осыны меңзегендей.

Еркелетуді, айналып-толғануды білдіретін сөздерді ізет атауларымен байланыстыра қараймыз. Еркелету де туыстық жақындықты, адамның жасын, жынысын білдіре көбінесе тәуелдік жалғауымен бірге айтылады.

Жалпы қазақ халқының мәдениетінде қыз баланың тұрмысқа шығып, отбасылы болуына байланысты салт-дәстүрлер өте көп.

Табу және тыйым сөздер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ғасырлар мұрасы, атадан балаға аманат болып табылатын үлгі-өнеге. Тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Тыйым адам баласын жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда өте үлкен қызмет атқарады. Тыйым халық тәлімгерлерінің құрамдас бөлігі болып табылады (Ертаева, 2022).

Қазақ тілі ырымдар мен тыйым сөздерге бай. Наным-сенім, тәрбие құралы ретінде берілетін ырымдар мен тыйым сөздердің тілімізде алатын орны айрықша. Халқымыздың дүниетанымымен астасып жатқан осындай тілдік оралымдар лингвомәдениет тұрғысынан қазақ халқының даналығы екендігіне көз жеткіземіз. Қазақтың ырым-тыйымдарының шығу негізі, олардың адам өмірі мен ұрпақ тәрбиелеудегі орынды қызметі өте маңызды

Қорытынды

Қорыта айтқанда, табу терминін лингвист ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып зерттеп, оның тек діни наным-сенім, әдет-ғұрып пен ғана емес, тыйым сөздермен де байланысын қарастырып, табу ұғымының тыйым сөздермен байланысы болғандықтан табу ұғымына қатысты түрлі ғалымдардың пікірлерін негізге алдық. Табу сөздер де, тыйым сөздер де жалпы адамзат баласын тәрбиеге баулуда, қыздар қауымын тәрбиелеуде үлкенде де, кішініде жасына, жынысына қарамастан құрметтеуде ерекше сипатқа ие болып қалыптасқан сөздер. Мақаланы қорытындылай келе, түбі түркі халықтарының құндылығы мол дүниелерінің бірі тыйымға негізделген табу сөздер деп түйін жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Ахметов Ә. (2015). *Түркі тіліндегі табу мен эвфемизмдер*. – Астана: «Ғылым баспасы», 204 б.
- Бизақов С. (2007). *Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары*. – Алматы: ТОО «Самара-Принт», 308 б.
- Досова А.Т. (2018). *Лингвотаным*. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 105 б.
- Ертаева Б. (2022). *Түркі халықтарындағы табу сөздер мен тыйымдар*. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. *Türkologia*, №3(111), <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-3162.02>

- Жанұзақов Т.С. (2004). *Есімдер сыры*. – Алматы: «Ғылым», 208 б.
- Кортабаева Г.К., Теменова Г.К., Шайхыстамова М.Б., Сейдикенова А.С. (2024). *Түркі тілдеріндегі табу аттардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері*. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология сериясы. №2 (194). Б. 59-68
- Құралұлы А. (1998). *Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы*. – Алматы: Сөздік Словарь, 128 б.
- Нуртазина Н.Д. (1999). *Женщина в традиционном казахском обществе//Введение в теорию гендера*. Алматы: Ақыл кітабы, с.43.
- Тұрдалиева Р.С. (2009). *Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау*. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 128 б.